

Республикалық қоғамдық бірлестігі
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер ұйымында 2022-2023 оқу
жылының І-інші жартжылдық бойынша
өткізілген іс- шаралар қорытындысы туралы

Хабарлама



Қыркүйек айында 2022-2023 оқу жылына «Жас Ұлан» ұйымының жеті бағыты бойынша жылдық жоспар құрылды. Сонымен қатар «Жас Ұлан» мектеп комитетінің құрамы сайланып, жоспары құрылды. «Жас Ұлан» балалар ұйымының бөлімбасылар шешімен Ұланбасы Төлеубаев Архаттың өткен оқу жылындағы жұмысы сараланып, осы оқу жылында Ұланбасы қызметін атқаратын болды. Қарасу негізгі мектебінде 49 оқушы бар «Жас Ұлан» ұйымының «Жас Қыран» қатарында 17, «Жас Ұлан» қатарында 24 оқушы бар.



«Жас Ұлан» ұйымының «Жетіжарғы» бағыты бойынша 1 қыркүйек білім күніне арналған, «Терең білімі, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Жыл басында «Мектеп оқушылар көзімен» тақырыбында оқушыларға және көшбасшылардан сауалнама алынды. Сауалнамаға 23 оқушы қатысты.



«Экоәлем» бағыты бойынша «Жас Ұлан» балалар ұйымымен «Еріктілер» тобы бірлесіп, «Таза табиғат» және **Biz birgemiz «Taza Alem»** экологиялық жобасына 15 оқушы қатынасып, ауыл тазалығына өз үлестерін қосты.





Қазан айында «Зерде» бағыты бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында «Тапқыр болсаң, озып көр» интеллектуалдық ойын өткізілді. Іс-шараға 10 оқушы қатынасты. Ойын 5 бөлімнен тұрды. Нәтижесінде «Тапқырлар» тобы жеңіске жетті.



«Салауат» бағыты бойынша қазан айында 5-7 сынып оқушылар арасында «Спорт сүйер-Жас Ұлан» спорттық сайыс өткізілді. Сайысқа 15 оқушы қатынасып, екі топқа бөлінді. Спорттық әр түрлі ойындар өкізілді. Нәтижесінде «Жас Ұлан» тобы жеңіске жетті.

<https://www.instagram.com/p/CkiRvX7oTVW/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

\



«Экоәлем» бағыты бойынша қазан айында «9 сынып оқушылары арасында «Экоәлем» үстел ойыны өткізілді. Ойынның негізгі мақсаты: балалар мен жастар арасында экологиялық білімді, экологиялық мәдениетті арттыру.

<https://www.instagram.com/p/Co4suHwIMAM/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>



Қазан айында «Еңбек» бағыты бойынша «Жас Ұлан» балалар мен «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта» атты челленджді Құрман мектебіне жолдады. Челленднге 14 оқушы қатынасты. Мектеп ұстаздарына арнап құттықтай іс-шарасын өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/CjLFvbgoKIm/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>



«**Отан**» бағыты бойынша сынып 5-6 сынып оқушылары арасында «**Мен Отанымның рәміздері**» атты танымдық сағат өткізілді. Танымдық сағатта рәміздер туралы мәлімет беріліп, «**WORD WALL**» програмасында викторина сұрақтына жауап беріп, рәміздерге өлең жолдарын арнады. Шараға 10 оқушы қатынасты.



«**Жеті жарғы**» бағыты бойынша 8-9 сынып оқушылары арасында «**Құқығым бар**» дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында оқушылар өз құқықтары туралы ойларын ортаға салып, видеоролик бойынша өз пікірлерін білдірді. Іс-шараға 10 оқушы қатынасты.



Желтоқсан айында «**Жетіжарғы**» бағыты бойынша «**Жас Ұлан**» балалар ұйымының жұмысының тәрбие берудегі тиімділігі тақырыбында сынып жетекшілер арасында іс-тәжірибе тарату барысында іс шара өткізілді.



«**Жас Ұлан**» балалар ұйымының «**Отан бағыты**» бойынша және «**Мәдениет және өнер**» фракциясы бойынша Тәуелсіздік күніне орай 1-9 сыныптар аралығында «**Менің Қазақстаным!**» патриоттық әндер байқауы өтті. Байқауға 40 оқушы қатынасты. Сайыста оқушылар, Қазақстан, Отан, Туған жер тақырыбында әндер шырқап, өз өнерлерін көрсетті. Өте жақсы өнер көрсеткен оқушылар марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/C18gQ63o1GM/?igshid=YmMyMTA2M2Y>



«Отан» бағыты бойынша 25 қазан Республика күніне орай «Менің Қазақстаным» атты салтанатты жиын өткізіліп, патриоттық қойылымдар қойылып, әндер шырқалды.



«Отан» бағыты бойынша 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне «Жас Ұлан-еліміздің ертеңі» атты салтанатты жиыны өткізіліп, «Жас Ұлан» қатарына 7 оқушы қабылданды. Жиында патриоттық әдеби қойылымдар, патриоттық әндер шырқалды.



Ақпан айында «Мектеп парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымымен бірлесіп, 7-9 сынып оқушылар арасында «Балалар не туралы армандайды?» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге 14 оқушы қатынасып, өз ойларын ортаға салды. Сұрақтарға жауап беріп, арман карталарын қорғады.



«KIDS BOOK FEST» фестивалы аясында ақпанның 7-сінде «Жас Ұлан» балалар ұйымында арасында 5-6 сынып оқушылары «Кітаппен серуен» квест ойыны өткізілді. Шараға 12 бала қатынасып, әр түрлі тапсырмалар орындады. Квест тартысты өтті.

«Жас Ұлан» балалар жасөспірімдер ұйымында өткізілген іс-шаралар «Жас Ұлан» мектеп комитетінің кеңесінде талқыланып қорытындыланып отырады.



Жас Ұлан балалар ұйымының жетекшісі: Смайлова І.С.

